



«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ
САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТІЛДІ

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма Шешімімен
№ Хаттама
8 желтоқсан 2024 ж



**ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ "КеАҚ»
ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ БІЛКІТІЛІК
СИПАТТАМАЛАРЫ**

СМЖ №169

Атырау 2021 г.




«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті
КеАҚ

Басылым: екінші

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
"КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының
біліктілік сипаттамалары

2-бет, 21 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	HR басқару және дамыту бөлімінің басшысы	Е.Т. Нурпеисов		08/12/21
	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		7/12/21
Келісілді	Академиялық мәселелер және цифрландыру жөніндегі вице-Проректор	К.М. Утепкалиева		7/12/21
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е. Койшигулова		07/12/21
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Е.К. Айбульдинов		07/12/21
	Қаржылық-экономикалық басқармасының бас есепшісі	Р.Д. Исмагамбетова		7/12/21
	Ректор аппаратының жетекшісі	Г.К. Кайргалиева		7/12/21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшыгулова		07/12/21
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		7/12/21


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ» педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	3-бет, 21 беттен тұрады

Мазмұны


1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	475
3	Терминдер мен анықтамалар	6
4	Белгілер мен қысқартулар	6
5	Х.Досмұхамедов атындағы АУ-нің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілік сипаттамалары	6-18
6	Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ-нің педагогикалық қызметкерлерінің тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктері	19
7	Қорытынды ережелер	19
8	Танысу парағы	20
9	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	21




1	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
1.1	<p>"Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасы (бұдан әрі - мінездеме) :</p> <p>– "Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ-да (бұдан әрі- Университет, Қоғам) олардың рөлі мен орнын айқындайтын құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді жасау);</p> <p>- қызметкерлердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін бекітетін лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу;</p> <p>- кадрларды іріктеу және орналастыру, олардың дұрыс пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру;</p> <p>- университет қызметкерлерін аттестациядан өткізу.</p> <p>Штаттық кестедегі педагог қызметкерлер лауазымдарының атауы</p> <p>Университеттің штат кестесінде оқытушы-профессорлар құрамының атаулары осы біліктілік сипаттамасында көзделген лауазымдарға сәйкес келуі керек.</p> <p>Әрбір лауазымға берілген Сипаттама үш бөлімнен: "Лауазымдық міндеттері", "Білуге міндетті" және "Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімдерінен тұрады. "Лауазымдық міндеттері" бөлімі қызметкерлердің ұтымды мамандануын қамтамасыз ететін жұмыстардың технологиялық біртектілігін және өзара байланыстылығын ескере отырып осы лауазымды атқаратын қызметкерге толық не жартылай тапсырылатын негізгі жұмыстарды қамтиды.</p> <p>"Білуге міндетті" бөлімі қызметкерге арнайы білімге қатысты, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, тағы басқа материалдарды білуі бойынша қойылатын негізгі талаптарды, қызметкер лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдана алуға тиіс әдістер мен құралдарды қамтиды.</p> <p>"Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімі қызметкердің көзделген міндеттерді орындауға қажетті қызметкердің кәсіби даярлық деңгейі мен жұмыс әтіліне қойылатын талаптарын айқындайды.</p> <p>Біліктілік сипаттамасы ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың: өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен жауапкершілігін ескере отырып, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты тізбесін қамтитын лауазымдық нұсқаулықтардың базасын әзірлеу үшін негіз болады.</p> <p>Біліктілік сипаттамасында әр лауазымға тән жұмыс түрлері ұсынылған. Сондықтан, лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда тиісті лауазымға тән жұмыстардың тізімін нақтылауға рұқсат етіледі және қызметкерлерді қажетті арнайы даярлауға қойылатын талаптар белгіленеді.</p>
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР
2.1	Осы құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленді:
2.2	- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
2.3	- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
2.4	- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. № 171-VI өзгерістер мен толықтырулармен);
2.5	- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы);

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ» педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	5-бет, 21 беттен тұрады

2.6	- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
2.7	- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 31.10.2018 ж. № 604;
2.8	- "Педагог" кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.
2.9	- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығына қосымша);
2.10	Ғылым туралы " Қазақстан Республикасының Заңы»
2.11	- "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы
2.12	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2025
2.13	жылдарға арналған стратегиялық жоспары.
2.14	- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2.15	- "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 09-дан 2015 жылғы ақпан № 285-V
2.16	-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V-ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы ; ;
2.17	- ҚР БҒМ Нұсқаулық құжаттары;
2.18	- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 Бұйрығы);
2.19	Жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлау саласындағы әдістемелік материалдар, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми даму перспективалары, жоғары оқу орнының кадр ресурстары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибесі.
2.20	Сондай-ақ, осы құжатты әзірлеу үшін негіз қалаушы стратегиялық құжаттар: Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050»Стратегиясы»қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»; Ұлт жоспары «100 нақты қадам»: Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	6-бет, 21 беттен тұрады

	басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 5 қазандағы «қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2.20	ИСО 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес.
3	НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР
3.1	Тәрбие – әлеуметтік-мәдени нормативтік модельдерге сәйкес қоғамдық және мәдени өмірге қатысуға дайындау мақсатында тұлғаның мақсатты бағытталған қалыптасуы.
3.2	Деңгей біліктілігі/біліктіліктік деңгейі – қызметкердің еңбек әрекеттерінің күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілік пен дербестік өлшемдері бойынша сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы.
3.3	Біліктілік – қызметкердің нақты еңбек қызметін сапалы орындауға дайын болу дәрежесі.
3.4	Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы.
3.5	Ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығында мамандар даярлау сұраныс пен ұсыныстарды реттеуге арналған құқықтық және институционалды тетіктердің жиынтығы.
3.6	Салалық біліктіліктердің шеңбері (СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы.
3.7	Кәсіби стандарт (КС) – стандарт, нақты бір сала бойынша кәсіби қызметке, еңбек жағдайы мен біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұнға, салаға қойылатын талаптар.
3.8	Кәсіп/мамандық – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі.
3.9	Еңбек қызметі – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланыстағы іс-әрекеттер жиынтығы.
4.	БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
4.1	ҚР – Қазақстан Республикасы;
4.2	НҚА – нормативтік құқықтық актілер;
4.3	ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;
4.4	СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
4.5	КС - Кәсіби стандарт;
4.6	АКМЖП-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
4.7	ҚББ – Құрылымдық бөлім басшысы;
4.8	ЖОО- жоғары оқу орны;
4.9	СМК- Сапа мониторингі кеңсесі;
5	БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ
5.1	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОР


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ» педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	7-бет, 21 беттен тұрады

	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:8 (8.2 - деңгейше) БА бойынша біліктілік деңгейі: 4 Еңбек қызметі: 1) басқару</p>
5.1.1	<p>Лауазымдық міндеттері: * ЖОО-ны дара басшылық және алқалылық қағидаттарында тікелей басқаруды жүзеге асырады * ЖОО-ның Даму стратегиясы мен мақсатын анықтайды * Қабылданатын шешімдерге, материалдық активтердің сақталуына және тиімді пайдаланылуына жауапты болады * ЖОО-ның бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар, жеткізушілер, тапсырыс берушілер, кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді * Жаңа техника мен технологияларды пайдалану саласындағы соңғы жетістіктер, білім берудегі отандық және шетелдік тәжірибе, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану, жоғары оқу орнының материалдық және техникалық ресурстарын жұмсау мен ұтымды пайдаланудың негізделген нормалары негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастырады.</p>
5.1.2	<p>Білуге міндетті: *Білім саласындағы заңнамалар; * Білім, ғылыми, өндірістік – шаруашылық, қаржы-экономикалық ЖОО қызметін реттелеуші ҚР БМҒДБ және басқа да НҚА, ЖЖКБ мамандарын даярлау саласында әдістемелік материалдар, жоо техникалық және ғылыми даму саласындағы перспективалар, ғылыми-жетістіктер мен ЖЖКБ(қосымша білім) саласындағы шетелдік білім ұйымдарының үздік тәжірибелері; *Жастарды тәрбиелеудегі ұлттық саясат, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдылықтары; *Стратегиялық басқару мен заманауи педагогикалық менеджменттің әдіснамасы; * Білім жүйесінің (оның ішінде жоғары) халықаралық үрдістері.</p>
5.1.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.</p>
5.2	<p>ПРОРЕКТОР СБШ бойынша біліктілік деңгейі:8 (8.1 - деңгейше) БА бойынша біліктілік деңгейі: 4 Еңбек қызметі: басқару</p>
5.2.1	<p>Лауазымдық міндеттері: *Тиісті құрылымдық бөлімшелердің қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады * Оқу бағдарламаларының орындалуын, оқу процесінің барлық бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді * Оқытушылардың кабинет, кітапхана меңгерушілерінің жұмысын үйлестіреді • * Оқытушылардың оқу жүктемесін бақылайды және реттейді * Қабылданатын шешімдердің салдарына толық жауапкершілікті ала отырып, мекеме қызметінің жекелеген бағытының ұйымдастыру-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін басқарады * Қызметтің сенім тапсырылған бағыты шеңберінде жоғары оқу орнының бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар, жеткізушілер, тапсырыс берушілер,</p>


	<p>кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді</p> <ul style="list-style-type: none"> * Жаңа техника мен технологияларды пайдалану саласындағы соңғы жетістіктер, білім берудегі отандық және шетелдік тәжірибе, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану негізінде сеніп тапсырылған құрылымдық бөлімшелерді басқаруды ұйымдастырады * Сеніп тапсырылған бөлімшелерді білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін тұрақты арттыру мәселелерін шешеді * Басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттырудың материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды қамтамасыз етеді. * ЖОО қызметіне инновациялық технологияларды енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді * Сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметі үшін дербес жауапты болады
5.2.2	<p>Білуге міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> *Білім саласындағы заңнамалар; *Білім, ғылыми, өндірістік – шаруашылық, қаржы-экономикалық ЖОО қызметін реттемелеуші ҚР БМҒДБ және басқа да НҚА, ЖЖКБ мамандарын даярлау саласында әдістемелік материалдар, ЖОО техникалық және ғылыми даму саласындағы перспективалар, ғылыми-жетістіктер мен ЖЖКБ(қосымша білім) саласындағы шетелдік білім ұйымдарының үздік тәжірибелері; *Жастарды тәрбиелеудегі Ұлттық саясат, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдылықтары; *Стратегиялық басқару мен заманауи педагогикалық менеджменттің әдіснамасы; *Білім жүйесінің оның ішінде жоғары халықаралық тенденциялары.
5.2.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, тиісті салаларда білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.</p>
5.3	<p>ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ</p> <p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 7 (7.2 - деңгейше)</p> <p>БА бойынша біліктілік деңгейі: 4</p> <p>Еңбек қызметі: 1) басқару</p>
5.3.1	<p>Лауазымдық міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> * Факультет қызметін ұйымдастырады, факультеттегі оқу, тәрбие және ғылыми жұмысқа басшылық жасайды. * Факультетте оқу процесінің барлық бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. * Факультет кеңесінің, деканаттың, академиялық комитеттердің қызметін үйлестіреді. * Факультетті білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді. * Факультетте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмысын үйлестіреді. * Кәсіби білімді пайдалану және дамыту және тәжірибе алмасу, қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау бойынша шараларды қамтамасыз етеді. * Басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, факультет қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттырудың материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды қамтамасыз етеді. * Факультет қызметінің тиімділігі үшін инновациялық технологияларды енгізуді



	<p>және тартуды қамтамасыз етеді.</p> <ul style="list-style-type: none">* Кадрларды даярлаудың факультетішілік сапа жүйесін әзірлейді.* Факультетте кадрлар даярлау бағыттары бойынша білім беру қызметтерінің нарығын және еңбек нарығын зерттейді.* Университет басшылығына факультет жұмысы туралы белгіленген мерзімде есеп береді.
5.3.2	<p>Білуге міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none">- ҚР Конституциясы;- ҚР Азаматтық кодексі;- ҚР заңдары: "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", "ҚР Тілдері туралы", "Жалпы әскері міндет пен әскери қызмет туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы";- Білім ұйымдарының (ЖОО-нан басқа), оның құрылымдық бөлімшелерінің (оның ішінде ЖОО) қызметін реттемелеуші ҚР БМҒДБ және басқа да НҚА.- Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялары мен векторлары;- Мемлекеттің жастар саясаты;- Жастар мен балаларды тәрбиелеудің ұлттық идеологиясы;- Еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау ережесі мен нормалары;- Стратегиялық басқару мен педагогикалық менеджменттің заманауи әдіснамасы.
5.3.3	<p>Біліктілік талаптары: "дипломды маман" біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және (немесе) магистр дәрежесінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің, білім беру ұйымдарында немесе мамандығы бойынша кемінде 3 жыл немесе білім беру саласындағы Басшы құрам лауазымдарында кемінде 1 жыл жұмыс өтілінің болуы.</p> <ul style="list-style-type: none">- ғылыми дәрежесінің және/немесе білім беру ұйымдарында басшылық лауазымдарында немесе мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болғаны дұрыс;;- білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болғаны дұрыс;- шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болғаны дұрыс: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), немесе TOEFL (ТОЙФЛ), немесе IELTS (АЙЛТС)
5.4	<p>ДЕКАН ОРЫНБАСАРЫ</p> <p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 7 (7.2 - деңгейше)</p> <p>БА бойынша біліктілік деңгейі: 4</p> <p>Еңбек қызметі: 1) басқару</p>
5.4.1	<p>Лауазымдық міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none">* Факультеттегі оқу, тәрбие және ғылыми жұмысты үйлестіреді.* Факультетте оқу процесінің барлық бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.* Факультеттегі кураторлардың, эдвайзерлердің, студенттік клубтардың, ғылыми үйірмелердің жұмысын үйлестіреді.* Ол болмаған кезде деканның міндетін атқарады.* Факультетте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмысын үйлестіреді.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	10-бет, 21 беттен тұрады

	<p>* Кәсіби білімді пайдалану және дамыту және тәжірибе алмасу, қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау бойынша шараларды қамтамасыз етеді.</p> <p>* Басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, факультет қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттырудың материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды қамтамасыз етеді.</p> <p>* Факультет қызметінің тиімділігі үшін инновациялық технологияларды енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді.</p> <p>* Кадрларды даярлаудың факультетішілік сапа жүйесін әзірлейді.</p> <p>* Факультетте кадрлар даярлау бағыттары бойынша білім беру қызметтерінің нарығын және еңбек нарығын зерттейді.</p> <p>* Университет басшылығына факультет жұмысы туралы белгіленген мерзімде есеп береді.</p>
5.4.2	<p>Білуге міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР Конституциясы; - ҚР Азаматтық кодексі; - ҚР заңдары: "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", "ҚР Тілдері туралы", "Жалпы әскері міндет пен әскери қызмет туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы"; - Білім ұйымдарының(жоо-дан басқа), оның құрылымдық бөлімшелерінің (оның ішінде жоо) қызметін реттемелеуші ҚР БМҒДБ және басқа да НҚА. - Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялары мен векторлары; - Мемлекеттің жастар саясаты; - Жастар мен балаларды тәрбиелеудің ұлттық идеологиясы; - Еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау ережесі мен нормалары; - Стратегиялық басқару мен педагогикалық менеджменттің заманауи әдіснамасы.
5.4.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: "дипломды маман" біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және (немесе) магистр дәрежесінің, білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.</p>
5.5	<p>КАФЕДРА МЕНҒЕРУШІСІ</p> <p>СБІІ бойынша біліктілік деңгейі:7 (7.1 - деңгейше)</p> <p>БА бойынша біліктілік деңгейі: 4</p> <p>Еңбек қызметі: басқару</p>
5.5.1	<p>Лауазымдық міндеттері:</p> <p>*Кафедраның даму стратегиясын дайындық мамандықтары мен бағыттары бойынша дайындайды, жұмыс берушілермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты дамытады.</p> <p>*Кафедра қызметін ұйымдастырады, кафедрада оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарын үйлестіреді.</p> <p>* Кафедрада оқу үрдісінің барлық бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.</p> <p>*Кафедрада білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.</p> <p>*Кафедрада педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмысын үйлестіреді.</p> <p>*Кәсіби білімді дамыту мен қолдану шараларын және тәжірибені таратуды , еңбектің қолайлы және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етеді, қауіпсіздік техника</p>

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	11-бет, 21 беттен тұрады


	<p>мен еңбекті қорғау талаптарын сақтайды.</p> <p>*Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс үйлесуін қамтамасыз етеді, кафедра қызметкерлерінің тиімді жұмысы бойынша моральдік және материалдық ынталандыру қағидаттарын қолданады.</p> <p>*Факультеттің қызметі тиімді болу үшін инновациялық технологиялармен қамтамасыз етеді.</p> <p>*Мамандарды дайындаудың сапалы кафедраішілік жүйесін жасақтайды.</p> <p>*Кафедрада кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру қызметтерінің нарығын және еңбек нарығын зерттейді.</p> <p>*Кафедра қызметінің қорытындысы бойынша есеп береді.</p>
5.5.2	<p>Білуге міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР Конституциясы; - ҚР Азаматтық кодексі; - ҚР заңдары: "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", "ҚР Тілдері туралы", "Жалпы әскери міндет пен әскери қызмет туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы"; - Білім ұйымдарының (ЖОО-нан басқа), оның құрылымдық бөлімшелерінің (оның ішінде ЖОО) қызметін реттемелеуші ҚР БМҒДБ және басқа да НҚА. - Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялары мен векторлары; - Мемлекеттің жастар саясаты; - Жастар мен балаларды тәрбиелеудің ұлттық идеологиясы; - Еңбекзаңнамасы, еңбекті қорғау ережесі мен нормалары; - Стратегиялық басқару мен педагогикалық менеджменттің заманауи әдіснамасы.
5.5.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: «дипломды маман» біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және (немесе) магистр дәрежесінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің, кәсіби қызмет бағыты бойынша кемінде 3 жыл немесе білім беру саласында басшы құрам лауазымдарында кемінде 1 жыл жұмыс өтілінің болуы. Тілдік (ағылшын) және көптілді даярлау кафедралары үшін АУ қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасында көзделген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – кемінде 100, немесе TOEFL (ТОЙФЛ)– кемінде 600 балл, немесе IELTS (АЙЛТС) – кемінде 6.0.</p> <p>Әскери кафедра бастығының подполковниктен төмен емес әскери атағы, әскери бөлім командирінің орынбасарынан педагог қызметкерлер немесе басшы құрам лауазымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі және одан жоғары болуы тиіс.</p>
5.6	<p>ПРОФЕССОР</p> <p>СВП бойынша біліктілік деңгейі: 8 (8.2 - деңгейше)</p> <p>БА бойынша біліктілік деңгейі: 4</p> <p>Еңбек қызметі: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік.</p>
5.6.1	Лауазымдық міндеттері:
5.6.1.1	<p>1 - еңбек функциясы-Оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді</p> <p>* ЖОО-да арнайы саладағы және жоғары мектептің дидактикасы саласындағы</p>




	білімді интеграциялау негізінде сабақтардың барлық түрлерін өткізеді; * білім алушылар мен зерттеушілердің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, ЖОО-да сабақтардың барлық түрлерін өткізеді
5.6.1.2	2-тәрбиелік еңбек функциясы: Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулиды * Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құру; * кемсітушіліктің, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді.
5.6.1.3	3 - еңбек функциясы- Әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады * білім беру бағдарламаларын жобалайды; * білім беру бағдарламаларын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді басқарады; * авторлық бағдарламаларды, білім берудің барлық деңгейлерінің білім беру стандарттары негізінде үш тілде кіріктірілген курстарды енгізеді; * білім берудің барлық деңгейлерінде көптілді оқыту саласындағы оқу бағдарламаларына, ОӘК пәндеріне, авторлық курстарға кеңес береді, сараптама жүргізеді.
5.6.1.4	4-зерттеу- Еңбек функциясы: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді * арнайы салада, кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі саласында жаңа білімді дамытады; * ғылыми нәтижелерді практикаға енгізудің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салдарлары тұрғысынан жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін болжайды; * студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми зерттеулерін басқарады.
5.6.1.5	5-Еңбек функциясы – Әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс - қимылды жүзеге асырады * білім беру тәжірибесін жақсарту үшін әріптестермен және шетелдік әріптестермен кәсіби өзара іс-қимыл жасауға бастамашылық жасайды
5.6.2	Білуге міндетті: * пәнаралық білімді интеграциялау әдістемесі (Жоғары мектеп дидактикасы және арнайы сала); * білім алушылар мен зерттеушілердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың инновациялық технологияларымен интеграциялаудағы арнайы салалар; * көп мәдениетті және көп тілді ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің теориясы мен практикасы; * жоғары мектеп педагогикасы; * студенттік психология; * ЖОО-дағы тәрбие үрдісінің ерекшеліктері; * болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістері; * жалпыадамзаттық және этноұлттық құндылықтарды біріктірудің принциптері мен әдістері; * қоғамның әлеуметтік бірлігіне, азаматтық бірегейлікке, қазақстандық




	<p>патриотизмге ықпал ететін факторлар; * арнайы саладағы ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу материалдарына жобалау әдістері; * көптілді кадрлардың кәсіби құзыреттіліктерімен интеграцияда тілдік құзыреттіліктерді дамыту әдіснамасы; * ғылым және Білім философиясы; * психологиялық-педагогикалық зерттеулер әдіснамасы; * арнайы саладағы іргелі және қолданбалы зерттеулер әдіснамасы; * ғылыми-зерттеу жобаларын жасау және әзірлеу әдістері; * педагогика, психология саласында және арнайы салада ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу әдістері; * қоғамдағы өзгерістерге білім алушылардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің принциптері, әдістері, құралдары.</p>
5.6.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылыми дәрежесінің, "қауымдастырылған профессор (доцент)" ғылыми атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі немесе бейіні бойынша практикалық жұмысы. Тілдік кафедралар (ағылшын) және көптілді даярлау үшін шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – кемінде 100, немесе TOEFL (ТОЙФЛ)– кемінде 600 балл, немесе IELTS (АЙЛТС) – кемінде 6.5., АУ қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасында көзделген.</p>
5.7	<p>ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ) СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 8 (8.1 - деңгейше) БА бойынша біліктілік деңгейі: 4 Еңбек қызметі: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік.</p>
5.7.1	<p>Лауазымдық міндеттері:</p>
5.7.1.1	<p>1 - еңбек функциясы-Оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді * ЖОО-да арнайы саладағы және жоғары мектептің дидактикасы саласындағы білімді интеграциялау негізінде сабақтардың барлық түрлерін өткізеді; * білім алушылар мен зерттеушілердің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, ЖОО-да сабақтардың барлық түрлерін өткізеді</p>
5.7.1.2	<p>2- еңбек функциясы: білім алушыларды тәрбиелік әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулиды * Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құру; * кемсітушіліктің, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді.</p>
5.7.1.3	<p>3 - еңбек функциясы-Әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады * әлемдік үрдістер мен жоғары білім беруді дамыту стратегияларын ескере отырып, студенттердің, зерттеушілердің білім беруінің жеке траекторияларын анықтайды • * көптілді кадрларды даярлауды ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары шеңберінде тілдік және тілдік емес пәндердің мазмұнын біріктіреді;</p>

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	14-бет, 21 беттен тұрады


	* курстың (модульдің) мазмұнын анықтайды)
5.7.1.4	<p>4-зерттеу еңбек функциясы: Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді</p> <p>* арнайы салада, кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі саласында жаңа білімді дамытады;</p> <p>* ғылыми нәтижелерді практикаға енгізудің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салдарлары тұрғысынан жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін болжайды;</p> <p>* студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми зерттеулерін басқарады.</p>
5.7.1.5	<p>Әлеуметтік коммуникативтік қызметі (кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады):</p> <p>*білім тәжірибесін жетілдіру үшін шетелдік серіктес пен әріптестерімен кәсіптік өзара - әрекеттесуді бастамашыл етеді.</p>
5.7.2	<p>Білу керек:</p> <p>* пәнаралық білімді интеграциялау әдіснамасы (жоғары мектеп дидактикасы және арнайы сала);</p> <p>* білім алушылар мен зерттеушілердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың инновациялық технологияларымен интеграциялаудағы арнайы салалар;</p> <p>* көп мәдениетті және көп тілді ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің теориясы мен практикасы;</p> <p>* жоғары мектеп педагогикасы;</p> <p>* студенттік психология;</p> <p>* ЖОО-дағы тәрбие үрдісінің ерекшеліктері;</p> <p>* болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістері;</p> <p>* жалпыадамзаттық және этноұлттық құндылықтарды біріктірудің принциптері мен әдістері;</p> <p>* қоғамның әлеуметтік бірлігіне, азаматтық бірегейлікке, қазақстандық патриотизмге ықпал ететін факторлар;</p> <p>* жоғары білім мамандықтарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру әдістерін ескере отырып , көптілді кадрларды даярлау;</p> <p>* ғылым және білім философиясы;</p> <p>* психологиялық-педагогикалық зерттеулер әдіснамасы;</p> <p>* арнайы саладағы іргелі және қолданбалы зерттеулер әдіснамасы;</p> <p>* ғылыми-зерттеу жобаларын жасау және әзірлеу әдістері;</p> <p>* педагогика, психология саласында және арнайы салада ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу әдістері;</p> <p>* қоғамдағы өзгерістерге білім алушылардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің принциптері, әдістері, құралдары.</p>
5.7.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылыми дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе бейіні бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі. Тілдік кафедралар (ағылшын) және көптілді даярлау үшін шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – кемінде 100, немесе</p>

 ATYRAU UNIVERSITY	« Х.Досмұхамедов » атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ » педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	15-бет, 21 беттен тұрады


	TOEFL (ТОЙФЛ)– кемінде 600 балл, немесе IELTS (АЙЛТС) – кемінде 6.0., АУ қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасында көзделген.
5.8	АҒА ОҚЫТУШЫ СБШ бойынша біліктілік деңгейі:7 (7.2 - деңгейше) БА бойынша біліктілік деңгейі: 4 Еңбек қызметі: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік.
5.8.1	Лауазымдық міндеттері:
5.8.1.1	1 - еңбек функциясы-оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді * кафедра бекіткен дәрістік сабақтарды өз бетінше өткізеді • ; * білім алушылардың өзіндік жұмысын дербес жоспарлайды және ұйымдастырады; * тәлімгердің тікелей басшылығымен кәсіптік білім берудің заманауи тұжырымдамаларын ескере отырып, дәріс материалының мазмұнын (кафедрада бекіту үшін) анықтайды.
5.8.1.2	2-тәрбиелік еңбек функциясы: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулиды * Қазақстанның ұлттық басымдықтарын есепке ала отырып, тәрбие үрдісін қалыптастырады; - кемсітушіліктің, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді; * білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға жәрдемдеседі.
5.8.1.3	3 - еңбек функциясы-әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады * тәлімгердің басшылығымен оқылатын пәндердің ОӘК әзірлейді; * тәлімгердің басшылығымен білім беру ұйымының миссиясы мен мақсаттарына сәйкес авторлық курстар, ұйымдарының миссиясы мен мақсатына сай авторлық курстарды пайдаланады.
5.8.1.4	4 4-зерттеу еңбек функциясы: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді * зерттеу міндеттерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді дербес пайдаланады; * зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке дербес енгізеді; * өз бетінше және әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, зерттеулердің алынған нәтижелерін апробациялауды жүзеге асырады; * әріптестерімен өзара қарым-қатынас жасай отырып, білім беру практикасын жетілдіру үшін психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында зерттеулер жоспарлайды және жүргізеді; * әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, арнайы салада, оның ішінде алынған нәтижелерді коммерцияландыру мақсатында зерттеулер жоспарлайды және жүргізеді.
5.8.1.5	5-Еңбек функциясы – әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс - қимылды жүзеге асырады * оқу-тәрбие үдерісіне жұмыс берушілерді, кәсіби бірлестіктер, ғылыми ұйымдар өкілдерін, шетелдік серіктестерді тартады • ; * оқушылардың халықаралық ынтымақтастық дағдыларын дамытады.

 ATYRAU UNIVERSITY	« Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ» педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	16-бет, 21 беттен тұрады


5.8.2	<p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> * арнайы саланың теориялық тұжырымдамаларымен интеграциялаудағы жоғары мектеп дидактикасының классикалық ережелері (оқу пәндері; Білім беру салалары, білім беру модульдері, білім беру бағдарламалары)); * кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі; * көптілді кадрларды даярлау аспектісіндегі жоғары мектеп дидактикасы; * оқытылатын курстың оқу бағдарламасының мазмұны (пәндер); * жоғары мектепте оқытудың заманауи технологиялары, студенттер психологиясы, арнайы саладағы жаңа жетістіктер; * академиялық және кәсіби мақсаттар үшін қажетті деңгейден төмен емес оқу ортасында жұмыс істейтін тілдер; * ЖОО-дағы тәрбие үрдісінің ерекшеліктері; * болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістері; * білім алушылардың оң өзін-өзі бағалауын қалыптастыру тәсілдері, тілдерді үйренуге ынталандыру, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық төзімділік; * көп мәдениетті және көп тілді ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің теориясы мен практикасы; * жоғары кәсіби білім беруді дамытудағы әлемдік үрдістер; * халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЕҚЫҰ және т. б.) педагогикалық тұжырымдамасы мен білім беру стратегиясы.); * ғылыми-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдістері; * көптілді кадрларды даярлау аясында ғылыми-әдістемелік өнімдерді, оқу-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдістемесі; * Педагогика және арнайы саладағы ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізі; * зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке енгізу әдістері; * Көпмәдениетті және көптілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер әдіснамасы; * зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері; * педагогикалық менеджмент негіздері; * кәсіби саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нормалары, ережелері, нысандары, әдістері мен құралдары.
5.8.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: «дипломды маман» біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және (немесе) магистр дәрежесінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл, оның ішінде оқытушы лауазымында кемінде бір жыл жұмыс әтілінің, не қызмет бейіні бойынша кемінде 5 жыл практикалық жұмыс өтілінің болуы. Тілдік (ағылшын) және көптілді даярлау кафедралары үшін АУ қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасында көзделген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – кемінде 100, немесе TOEFL (ТОЙФЛ)– кемінде 600 балл, немесе IELTS (АЙЛТС) – кемінде 6.0. Жұмысқа қабылдау кезінде «Педагогика ғылымдары» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жүргізетін педагогикалық ұжымның мектептегі тәжірибесіне артықшылық беріледі.</p>
5.9	<p>ОҚЫТУШЫ СБШ бойынша біліктілік деңгейі:7 (7.1 - деңгейше)</p>

 ATYRAU UNIVERSITY	« Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ» педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	17-бет, 21 беттен тұрады

	<p>БА бойынша біліктілік деңгейі: 4</p> <p>Еңбек қызметі: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік.</p>
5.9.1	Лауазымдық міндеттері:
5.9.1.1	<p>1 - еңбек функциясы-оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді</p> <ul style="list-style-type: none"> * әзірленген және бекітілген әдістемелік нұсқаулардың талаптарын ескере отырып, өз бетінше семинар, практикалық, зертханалық сабақтар өткізеді; * мақсатты тіл практикасы бойынша сабақтарды өз бетінше жүргізеді (көптілді білім беру бағдарламаларына тартылған педагогтар үшін); * тәлімгердің басшылығымен курстың мақсаттарына сәйкес оқу сабақтарының (семинарлық, практикалық, зертханалық) мазмұнын анықтайды және нысандарын, әдістері мен құралдарын таңдайды; * тәлімгердің басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады
5.9.1.2	<p>2-тәрбиелік еңбек функциясы: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулиды</p> <ul style="list-style-type: none"> * Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құру; * кемсітушіліктің, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді; * білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға жәрдемдеседі.
5.9.1.3	<p>3 - еңбек функциясы-әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады</p> <ul style="list-style-type: none"> * тәлімгердің басшылығымен оқылатын пәндердің ОӘК әзірлейді; * тәлімгердің басшылығымен білім беру ұйымының миссиясы мен мақсаттарына сәйкес авторлық курстар
5.9.1.4	<p>4-зерттеу еңбек функциясы: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді</p> <ul style="list-style-type: none"> * зерттеу міндеттерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді дербес пайдаланады; * зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке дербес енгізеді; * өз бетінше және әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, зерттеулердің алынған нәтижелерін апробациялауды жүзеге асырады; * әріптестерімен өзара қарым-қатынас жасай отырып, білім беру практикасын жетілдіру үшін психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында зерттеулер жоспарлайды және жүргізеді; * әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, арнайы салада, оның ішінде алынған нәтижелерді коммерцияландыру мақсатында зерттеулер жоспарлайды және жүргізеді.
5.9.1.5	<p>5-Еңбек функциясы – әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс - қимылды жүзеге асырады</p> <ul style="list-style-type: none"> * оқу-тәрбие үдерісіне жұмыс берушілерді, кәсіби бірлестіктер, ғылыми ұйымдар өкілдерін, шетелдік серіктестерді тартады •; * оқушылардың халықаралық ынтымақтастық дағдыларын дамытады.
5.9.2	<p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> * арнайы саланың теориялық тұжырымдамаларымен (оқу пәндері; білім беру

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	18-бет, 21 беттен тұрады

	<p>салалары, білім беру модульдері, білім беру бағдарламалары) ықпалдасудағы жоғары мектеп дидактикасының классикалық ережелері; - кәсіптік білім берудің теориялары мен әдістемелері;</p> <ul style="list-style-type: none"> * көптілді кадрларды даярлау аспектісіндегі жоғары мектеп дидактикасы; * оқытылатын курстың оқу бағдарламасының мазмұны (пәндер); * жоғары мектепте оқытудың заманауи технологиялары, студенттер психологиясы, арнайы саладағы жаңа жетістіктер; * академиялық және кәсіби мақсаттар үшін қажетті деңгейден төмен емес оқу ортасында жұмыс істейтін тілдер; * ЖОС-дағы тәрбие үрдісінің ерекшеліктері; * болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістері; * білім алушылардың оң өзін-өзі бағалауын қалыптастыру тәсілдері, тілдерді үйренуге ынталандыру, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық төзімділік; көп мәдениетті және көп тілді ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің теориялары мен тәжірибелері; * жоғары кәсіби білім беруді дамытудағы әлемдік үрдістер; * халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЕҚЫҰ және т. б.) педагогикалық тұжырымдамалары мен білім беру стратегиялары); * ғылыми-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдістері; * көптілді кадрларды даярлау аясында ғылыми-әдістемелік өнімді, оқу-әдістемелік кешендерді, авторлық курстарды әзірлеу әдіснамасын әзірлеу; * педагогикадағы және арнайы саладағы ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздері; * зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке енгізу әдістері; * Көпмәдениетті және көптілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер әдіснамасы; * зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері; * педагогикалық менеджмент негіздері; * Кәсіби саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нормалары, ережелері, нысандары, әдістері мен құралдары.
5.9.3	<p>Біліктілікке қойылатын талаптар: «дипломды маман» біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және (немесе) магистр дәрежесінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің, еңбек өтілі сұралмайды. Тілдік (ағылшын) және көптілді даярлау кафедралары үшін АУ қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамасында көзделген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы: TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – кемінде 100, немесе TOEFL (ТОЙФЛ)– кемінде 600 балл, немесе IELTS (АЙЛТС) – кемінде 6.0. Жұмысқа қабылдау кезінде «Педагогика ғылымдары» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жүргізетін педагогикалық ұжымның мектептегі тәжірибесіне артықшылық беріледі.</p>
6.	<p>Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АУ КЕАҚ БАРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білімді өз бетінше алуға дайындық 2. Академиялық және кәсіби ортада ғылыми пікірталастарға қатысу, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі академиялық басылымдарда зерттеулердің бастапқы

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов» атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ" педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	19-бет, 21 беттен тұрады

	<p>нәтижелерін жариялау мүмкіндігі</p> <p>3. Кәсіби қызмет нәтижелері үшін жауапкершілік алу қабілеті</p> <p>4. Мемлекеттік және басқа да тілдерде табысты және жағымды іскерлік қарым-қатынас жасау қабілеті</p> <p>5. Коммуникабельділік, төзімділік, шешендік шеберлік</p> <p>6. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеу мен қолданудағы белсенділіктің жоғары дәрежесі</p> <p>7. Әр түрлі тілдік құралдарды қолдана отырып, өз ойларын еркін жеткізе білу</p> <p>8. Мемлекеттік және басқа да тілдерде табысты және жағымды іскерлік қарым-қатынас жасау қабілеті</p> <p>9. Білім алушыларға, педагогтарға құрмет көрсетеді</p> <p>10. Ұжымды басқарудың демократиялық стилін сақтайды</p> <p>11. Әлеуметтік, кәсіби этика нормаларын сақтайды</p> <p>12. Білім беру ұйымы немесе құрылымдық бөлімше қызметінің нәтижелеріне дербес жауап беру қабілетін көрсетеді</p> <p>13. Мемлекеттік және басқа да тілдерде табысты және позитивті іскерлік қарым-қатынасқа қабілеттілігін және тұрақты ұмтылысын көрсетеді</p> <p>14. Тіл тапқыштықты, төзімділікті, шешендік шеберлікті, заңға бағынушылықты көрсетеді.</p>
7	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР
7.1	Ережеге енгізілетін өзгерістер АкМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі
7.2	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
7.3	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
7.4	Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.
7.5	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады: - заңдық күші бар нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы; -Басқарма Төрағасы -ректордың бұйрықтары; -құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі; - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы -ҚББ мен АМЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
7.6	Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады
7.7	Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
7.8	ИСО 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес.
7.9	Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің және ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес келуді СМК жүзеге асырады.
7.10	Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын таратуды СМК жүзеге асырады
7.11	Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін жауапкершілік ҚББ-на жүктеледі.

